


ОҢТІСТІК-ОАЗАҚСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологии лекарств	044-43/ - (2023-2024)
«Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	40 беттің 1 беті

ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Пән: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

Пән коды: IFT 2206


БББ атауы және шифры: 6В10106 – Фармация
(жеделдетілген – 2 жылдық)

Оқу сағаттарының/кредиттердің көлемі: 120 сағат (4 кредит)

Курс және оқу семестрі: 2 курс, 3 семестр

Зертханалық сабақтар: 40 сағат

Шымкент, 2024 г.

OÑTÍSTIK-QAZAQSTAN  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологии лекарств	044-43/ - (2023-2024)
«Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	40 беттің 2 беті


Зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Инновациялық фармацевтикалық технологиясы» пәннің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабусына) сәйкес әзірленді және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама №10, 31.05.2024 ж.

**дәрігер технологиясы кафедрасының меңгерушісі,
фармация ғылымдары докторы, профессор**



Сағындықова Б.А.

ОҢТІСТІК-ОАЗАСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологиии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 40 беттің 3 беті

1-САБАҚ

1. Тақырыбы: Гомеопатиялық препараттарды дайындау. Гомеопатиялық эссенциялар және жаңа жиналған өсімдіктер сәлдері. Гомеопатиялық тинктуралар.

2. Мақсаты: Гомеопатиялық эссенциялар және тинктуралар технологиясы бойынша теориялық негіздерін және тәжірибелік дағдыларын бекіту.

3. Оқыту мақсаты:

білім алушы білуге тиіс:

- фармацевтикалық гомеопатияның негізгі принциптері
- сұйылту шкаласының белгіленуін
- экстракциялау процесінің теориялық негізін
- тинктуралар және эссенциялар дайындау әдістерін

білім алушы істей алуға тиіс:

- гомеопатиялық препараттарды потенциялау
- В.Швабе нұсқаулығына сәйкес эссенция дайындау
- В.Швабе нұсқаулығына сәйкес гомеопатиялық тинктура дайындау
- В.Швабе нұсқаулығына сәйкес өсімдіктің құрамындағы сәлдің мөлшерін анықтау

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- 1 Фармацевтикалық гомеопатия фармация саласының бірі ретінде. Фармацевтикалық гомеопатияның міндеттері.
- 2 Гомеопатиялық емдеу әдісінің негізін қалаушылар.
- 3 Гомеопатияның негізгі принциптері.
- 4 Гомеопатиялық препараттарға рецепт жазудың жалпы ережелері.
- 5 Сұйылтулар. Потенциялау. Гомеопатиялық сұйылтуларды белгілеу.
- 6 Негізгі (базистік) гомеопатиялық дәрілік түрлер.
- 7 Эссенциялар. Анықтамасы. Сипаттамасы. Алу тәсілдері.
- 8 Гомеопатиялық тинктуралар (тұндырмалар). Анықтамасы. Сипаттамасы. Алу тәсілдері.
- 9 В. Швабе нұсқаулығының §1-2 бойынша эссенциялар мен тинктураларды дайындау технологиясы.
- 10 В. Швабе нұсқаулығының §3 бойынша эссенциялар мен тинктураларды дайындау технологиясы.
- 11 В. Швабе нұсқаулығының §4 бойынша тинктураларды дайындау технологиясы.
- 12 В.Швабе нұсқаулығына сәйкес өсімдіктегі шырынның мөлшерін анықтау.


Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма №1. §1-3 бойынша эссенция ("Гомеопатиялық дәрілік заттар" В. И. Рыбак аудармасы., 16-18 б.) және §1-4 бойынша тинктура (В.И. Рыбак, 16-20 б.) дайындау тәсілдерін оқу және конспектілеу.

Тапсырма №2. Өсімдіктердегі шырынның мөлшерін анықтау әдістемесін оқу және конспектілеу ("Гомеопатиялық дәрілік заттар" В. И. Рыбак аудармасы., 18-19 б.).

Тапсырма №3. § 1-2 бойынша алоэ (В.И. Рыбак, 73 б.) және кактус (В.И. Рыбак, 125 б.) эссенцияларын дайындау технологиясын жазу.

Тапсырма №4. Мацерация әдісімен §4 бойынша төменде көрсетілген тұндырмаларды дайындау технологиясын жазу. Спирт мөлшерін есептеу кезінде шикізаттың спиртті жұту коэффициентін ескеру қажет:

ОҢТҮСТІК-ОАЗАОСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 40 беттің 4 беті

- эвкалипт тұндырмасы (В.И. Рыбак, 194 б.)
- шүйгіншөп тұндырмасы (В.И. Рыбак, 381 б.)
- шылым тұндырмасы (В.И. Рыбак, 368 б.)

5. Пәннің соңғы ОН қол жекізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жекізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.


7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. Фармацияның гомеопатиялық бағыты. Фармацевтикалық гомеопатия немен айналысады?
2. Гомеопатияның қандай принциптерін білесіз?
3. Гомеопатияда қолданылатын дәрілік құралдарға жазылған рецепттің құрылымы.
4. Гомеопатикалық құралдарың дозасы және концентрациясы.
5. Гомеопатияда қолданылатын негізгі дәрілік түрлерді атаңыз.
6. Жаңа өсімдік шикізатынан қандай гомеопатиялық дәрілік түрлер алынады?
7. Гомеопатиялық матрицалық тұндырмалар Анықтамасы. Сипаттамасы. Оларды алу тәсілдері.
8. Кептірілген және жаңа өсімдік шикізатын алудың қандай ерекшеліктері бар?
9. Экстракциялау процесіне әсер ететін негізгі факторлар қандай? Бұл факторлар экстракцияның толықтығы мен жылдамдығына қалай әсер етеді?
10. В.Швабе нұсқаулығының §1-2 сәйкес эссенциялар мен тинктураларды дайындау алгоритмі.
11. В.Швабе нұсқаулығының §3 сәйкес эссенциялар мен тинктураларды дайындау алгоритмі.
12. В. Швабе нұсқаулығының §4 сәйкес тинктураларды дайындау алгоритмі.
13. Сығындыны тазарту қалай жүзеге асырылады?
14. В. Швабтың нұсқауына сәйкес өсімдіктегі шырынның мөлшері қалай анықталады?

Тестік тапсырмалар:

1. Жаңадан сығылған шырын мен этанол қоспасын гомеопатияда ... деп атайды.
 - A) эссенция
 - B) сұйық экстракт
 - C) тұндырма
 - D) тұнба
 - E) оподельдок
2. Гомеопатиялық матрицалық тұндырмалар дайындау үшін ... қолданылады.
 - A) қышқыл ерітіндісі
 - B) өсімдік шикізаты
 - C) жануар шикізаты
 - D) өсімдік шырынның этанол ерітіндісімен қоспасы
 - E) сулы және этанол-сулы ерітінділер
3. Гомеопатияның негізін қалаған
 - A) Гиппократ
 - B) Парацельс
 - C) Авиценна
 - D) Швабе
 - E) С. Ганеман

ОҢТІСТІК-ОАЗАСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологиии лекартв	044-43/ - (2023-2024)
«Иновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	40 беттің 5 беті

2-САБАҚ

1. Тақырыбы: Минералды заттар және химиялық қосылыстардан гомеопатиялық құралдар технологиясы.

2. Мақсаты: Минералды заттардан және химиялық қосылыстардан дайындалған гомеопатиялық дәрілер технологиясы бойынша теориялық негіздерін және тәжірибелік дағдыларын бекіту.

3. Оқыту мақсаты:

білім алушы білуге тиіс:

- ерітудің диффузиялы-кинетикалық процесс ретінде сипаттамасын
- сұйық дәрілік түрлер дайындауға арналған еріткіштердің сипаттамасын, оларға қойылатын талаптарын
- гомеопатиялық сулы және бейсу ерітінділердің технологиясының ерекшелігін

білім алушы істей алуға тиіс:

- В.Швабе нұсқаулығына сәйкес гомеопатиялық сулы ерітінділерді дайындау
- В.Швабе нұсқаулығына сәйкес гомеопатиялық спиртті ерітінділерді дайындау
- гомеопатиялық ерітінділерді орамдауды, безендіруді және сапасын бағалауды

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Сұйық дәрілік түрлер. Сипаттамасы. Жіктелуі.
2. Сұйық дәрілік түрлер технологиясында қолданылатын еріткіштер.
3. Ерітінділерді дайындау технологиясының сатылары және олардың сипаттамасы.
4. Еріту диффузиялы-кинетикалық процесс ретінде. Оны динамизациялау жолдары.
5. МФ бойынша дәрілік заттардың ерігіштігінің сипаттамасы. Оның ерітінділер технологиясында қолданылуы.
6. Сүзу. Сүзуге арналған материалдар.
7. Этанолды сұйылту. Алкоголиметрлік кестелер.
8. В.Швабе нұсқаулығының §5 бойынша гомеопатиялық сулы ерітінділерді дайындау технологиясы.
9. В.Швабе нұсқаулығының §6 бойынша гомеопатиялық спиртті ерітінділерді дайындау технологиясы.
10. Гомеопатиялық ерітінділерді орамдау, безендіру және сапасын бағалау.


Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма №1. §5 бойынша сулы ерітінділерді (В.И. Рыбак, 21 б.) және §6 бойынша спиртті ерітінділерді (В.И. Рыбак, 21 б.) дайындау тәсілдерін оқу және конспектілеу.

Тапсырма №2. §5 бойынша төменде көрсетілген сулы ерітінділерді дайындау технологиясын жазу.

- ашутас ерітіндісінің 1х сұйылтуы (В.И. Рыбак, 74 б.)
- калий бромиді ерітіндісінің 1х сұйылтуы (В.И. Рыбак, 244 б.)
- калий хлориді ерітіндісінен 2х сұйылтуы (В.И. Рыбак, 245 б.)
- натрий сульфаты ерітіндісінен 1х сұйылтуы (В.И. Рыбак, 286 б.)

Тапсырма №3. §6 бойынша төменде көрсетілген спиртті ерітінділерді дайындау технологиясын жазу.

ОҢТҮСТІК-ОАЗАҚСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 40 беттің 6 беті

- бензой қышқылы ерітіндісінің 2х сұйылтуы (В.И. Рыбак, 49 б.)
- бензой қышқылы ерітіндісінің 3х сұйылтуы (В.И. Рыбак, 49 б.)
- камфора ерітіндісінің 1х сұйылтуы (В.И. Рыбак, 134 б.)
- терпентин майы (скипидар) ерітіндісінің 3х сұйылтуы (В.И. Рыбак, 294 б.)

Дәрілік заттардың сулы ерітінділерін дайындауды талқылау кезінде, олардың ерігіштігін ескеру қажет. Сулы және спиртті ерітінділер салмақтық әдіспен дайындалады. Дәрілік заттардың спиртті ерітінділерін дайындауды талқылау кезінде, спиртті сұйылту үшін қажетті есептеулерге ерекше назар аудару қажет.

5. Пәннің соңғы ОН қол жекізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жекізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.


7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):


1. Еріту – диффузиялы кинетикалық процесс ретінде. Қандай жолдармен бұл процесті жылдамтатуға болады?
2. Сұйық дәрілік түрлерді дайындауға қолданылатын еріткіштер.
3. Тазартылған су. Тазартылған суға қойылатын талаптар. Алу жолдары.
4. Спирт еріткіш ретінде. Сипаттамасы.
5. Сүзу және фильтрлеу. Керекті материалдар мен аппаратуралар.
6. Гомеопатиялық сулы ерітінділерді дайындау ерекшеліктері.
7. Гомеопатиялық спиртті ерітінділерді дайындау ерекшеліктері.
8. Ерітінділерді орамдау, безендіру, сапасын бағалау.

Тестік тапсырмалар:

1. Тинктуралар алудың әдісі
 - A) циркуляциялық экстракция
 - B) сұйылту әдістері
 - C) мацерация
 - D) реперколяция
 - E) қайта ағымды перколяция
2. Гомеопатияның негізгі принциптері:
 - A) ұқсастықты ұқсастықпен емдеу
 - B) қарама қарсыны қарама қарсымен емдеу
 - C) препараттарды алдын-ала жануарларда зерттеу
 - D) адамдарда улы емес дозаларда зерттеу
 - E) дәрілік заттардың жоғары сұйылтуларын қолдану
3. Гомеопатия жүйе ретінде ... бастап дамыған.
 - A) XIV – XV ғ
 - B) XV – XVI ғ
 - C) XVI – XVII ғ
 - D) XVII – XVIII ғ
 - E) XVIII – XIX ғ
4. Гомеопатияның негізгі принциптеріне ... жатады.

ОҢТІСТІК-ОАЗАҚСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 40 беттің 7 беті

- A) қарама қарсыны ұқсастықпен емдеу
 B) препараттардың аз сұйылтуларын қолдану
 C) дайындау кезінде потенцирлеу
 D) жануарларда зерттеу
 E) белгілеудің жекелік тәсілдері
5. Гомеопатияда көбінесе ... дәрілік субстанциялар және көмекші заттар қолданылады.
- A) өсімдіктерден алынған
 B) жануарлардан алынған
 C) синтетикалық
 D) жартылай синтетикалық
 E) биотехнология әдісімен алынған
6. Гомеопатиялық ерітінділер мен сұйылтуларда еріткіш ретінде ... қолданылады.
- A) тазартылған су
 B) майлар
 C) глицерин
 D) түрлі концентрациядағы этанол
 E) полиэтиленгликоль - 400
7. Гомеопатиялық сұйылтулар дайындауға ... қолданылады.
- A) аналитикалық таразы
 B) стандартты тамызғыш
 C) химиялық пипеткалар
 D) дәріханалық бюреткалар
 E) тамызғыш-флакондар
8. Гомеопатиялық ерітінділер дайындағанда негізінен оларды
- A) қыздырады
 B) қыздырмайды
 C) салқындатады
 D) салқындатпайды
 E) потенцирлейді

ОҢТҮСТІК-ОАЗАҚСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 40 беттің 8 беті

3-САБАҚ

1. Тақырыбы: Қатты гомеопатиялық дәрілік түрлерді дайындау технологиясы. Ұнтақтық ысқылаулар (тритурациялар). Гомеопатиялық түйіршіктер.

2. Мақсаты: Берілген тақырып бойынша теориялық негіздерін және тәжірибелік дағдыларын бекіту.

3. Оқыту мақсаты:

білім алушы білуге тиіс:

- ұнтақтың ысқылаулардың (тритурациялардың) анықтамасы
- құрғақ және сұйық заттардан гомеопатиялық ұнтақты ысқылауды дайындау ерекшеліктері
- гомеопатиялық түйіршіктердің сипаттамасы және түйіршіктерге қойылатын талаптар
- гомеопатиялық түйіршіктер дайындау үшін қолданылатын қосымша заттар
- гомеопатиялық түйіршіктер технологиясының ерекшеліктері

білім алушы істей алуға тиіс:

- құрғақ және сұйық заттардан гомеопатиялық ұнтақты ысқылауды дайындау
- түйіршіктер дайындау үшін қосымша заттарды есептеу және таңдау
- гомеопатиялық түйіршіктерді тиісті сұйылтулармен қанықтыру
- гомеопатиялық түйіршіктерге талдау жүргізу

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Гомеопатиялық ұнтақты ысқылаулар (тритурация). Анықтамасы. Сипаттамасы.
2. В. Швабе нұсқаулығының §7 бойынша құрғақ заттардан гомеопатиялық тритурациялар технологиясы.
3. В. Швабе нұсқаулығының §8-9 бойынша табиғаты әртүрлі сұйық заттардан гомеопатиялық тритурациялар технологиясы.
4. Гомеопатиялық түйіршіктер. Анықтамасы. Сипаттамасы. Гомеопатиялық түйіршіктердің мөлшері.
5. Гомеопатиялық тритурациялар мен түйіршіктер өндірісінде қолданылатын қосымша заттар.
6. Ылғалды түйіршіктеу процесінің сатылары.
7. Қант түйіршіктерін гомеопатиялық матрицалық тұндырмалармен қанықтыру әдістері.
8. Гомеопатиялық тритурация мен түйіршіктердің сапасын бағалау.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма №1. §7-9 бойынша ысқылаулар (тритурациялар) дайындау (В.И. Рыбак, 22-24 б.), түйіршіктер дайындау (В.И. Рыбак, 27-28 б.) технологиясын оқу және конспектiлеу.

Тапсырма №2. §7 бойынша төменде көрсетiлген дәрілік заттардан ысқылаулар (тритурациялар) дайындау технологиясын жазу.

- бензой қышқылының 2х сұйылтуы (В.И. Рыбак, 49 б.)
- висмуттың негізгі нитратының 3х сұйылтуы (В.И. Рыбак, 119 б.)
- натрий тетраборатының 4х сұйылтуы (В.И. Рыбак, 120 б.)
- камфораның 1х сұйылтуы (В.И. Рыбак, 134 б.)
- калий иодидінің 2х сұйылтуы (В.И. Рыбак, 247 б.)
- натрий сульфатының 3х сұйылтуы (В.И. Рыбак, 286 б.)
- күкірттің 2 сұйылтуы (В.И. Рыбак, 363 б.)

QAZAQSTAN RESPUBLIKASY ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ		
Кафедра технологии лекарств		044-43/ - (2023-2024) 40 беттің 9 беті
«Иновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		

Тапсырма №3. §8 бойынша төменде көрсетілген сулы және спиртті ерітінділерден ысқылаулар (тритурациялар) дайындау технологиясын жазу.

- ашутастың сулы ерітіндісінен ұнтақты ысқылауның 2х сұйылтуы (В.И. Рыбак, 74 б.)
- бензой қышқылының спиртті ерітіндісінен ұнтақты ысқылауның 2 сұйылтуы (В.И. Рыбак, 49 б.)
- терпентин майының (скипидар) спиртті ерітіндісінен ұнтақты ысқылауның 1 сұйылтуы (В.И. Рыбак, 294 б.)

Тапсырма №4. §9 бойынша төменде көрсетілген эссенция мен тинктурадан ысқылаулар (тритурациялар) дайындау технологиясын жазу.

- эвкалипт эссенциясынан ұнтақты ысқылау (В.И. Рыбак, 194 б.)
- шүйгіншөп эссенциясынан ұнтақты ысқылауның 1 сұйылтуы (В.И. Рыбак, 381 б.)

Тапсырма №5. Қанттан түйіршіктер дайындау үшін зат пен ылғалдандырғыштың мөлшерін есептеу. Түйіршіктердің фракциялық құрамын анықтау.

Таблица 1 - Түйіршіктердің фракциялық құрамы

Фракциялық құрамының мөлшері, %				
3000 мкм	3000-2000 мкм	2000-1000 мкм	500-250 мкм	250 мкм төмен
1.				
2.				
3.				
Орташа				

Тапсырма №6. Алоэ матрицалық тұнбасының 3Х сұйылтуынан немесе кактус матрицалық тұнбасының 3Х сұйылтуынан түйіршіктер дайындау.


5. Пәннің соңғы ОН қол жекізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жекізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. Ұнтақты ысқылауларға (тритурацияларға) анықтама беріңіз.
2. Гомеопатиялық ұнтақты ысқылаулар құрғақ заттармен қалай дайындалады?
3. Гомеопатиялық ұнтақты ысқылаулар сұйық заттармен қалай дайындалады?
4. Гомеопатиялық гранулалар (түйіршіктер). Гомеопатиялық гранулалардың (түйіршіктердің) қандай номерлері бар?
5. Гомеопатиялық тритурациялар мен түйіршіктер өндірісінде қандай қосымша заттар қолданылады?
6. Ылғалды түйіршіктеу принципін түсіндіріңіз. Ол қандай тәсілдермен жүзеге асырылады?
7. Гранулаларды (түйіршіктерді) сферонизациялау және оны қандай мақсатта жүргізеді?
8. Медициналық тәжірибеде қолданылатын гомеопатиялық гранулалардың (түйіршіктердің) мөлшері қандай?
9. Гомеопатиялық гранулаларды (түйіршіктерді) қанықтыру әдістері.
10. Гомеопатиялық ұнтақты ысқылаулар мен түйіршіктерді орамдау және безендіру?

ОҢТҮСТІК-ОАЗАӨСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зерханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 40 беттің 10 беті

11. Гранулалардың (түйіршіктердің) сапасын бағалау қандай көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады?

Тестік тапсырмалар:

1. Гомеопатиялық тритурациялар дайындау үшін, көмекші заттар ретінде ... қолданылады.

- A) қатты ұнтақ тәрізді заттар
- B) этанол
- C) майлы ерітінділер
- D) спиртті ерітінділер
- E) сулы ерітінділер

2. Гомеопатиялық тритурациялар дайындау үшін ... келі келісап қолданылады.

- A) фарфорлы
- B) полимерлі заттардан жасалған
- C) тот баспайтын болаттан жасалған
- D) ағатты
- E) мысты

3. Тритурацияның біртектілігі ... анықталады.

- A) микроскоппен
- B) қарусыз көзбен
- C) лупамен
- D) елеумен
- E) сыртқы бетінің мөлшерімен

4. Гомеопатиялық тритурацияларды қолданар алдында ... қажет.

- A) келіде мұқият араластыру
- B) кофемолкада майдалау
- C) қолмен 10 рет сілкілеу
- D) сілкілеу аппаратында араластыру
- E) араластырмау

5. Гомеопатиялық гранулалар (түйіршіктер) - ... қолдануға арналған дәрілік түр.

- A) сублингвальді
- B) сыртқа
- C) ішуге
- D) бұлшық етке енгізуге
- G) күре тамырға енгізуге

6. Гомеопатиялық гранулалар (түйіршіктер) дайындау үшін қолданылатын көмекші зат.


- A) сүт қанты
- B) фруктоза
- C) глюкоза
- D) қызылша қанты
- G) құрақ қанты

7. Гомеопатиялық гранулаларды (түйіршіктерді) дайындау тәсілдері

- A) ылғалды түйіршіктеу
- B) жалған қабатты түйіршіктеу
- C) шашыратып
- D) сферонизациялау
- G) тамшылатып

8. Гомеопатиялық гранулалар (түйіршіктер) ... қолданылады.

- A) ішуге
- B) сұйықтарды дайындау үшін
- C) сыртқа

QNTIISTIK-QAZAOSTAN  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологии лекарств	044-43/ - (2023-2024)
«Иновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	40 беттің 11 беті

- D) жағар майлар дайындау үшін
 E) үй жағдайында ерітінділер дайындау үшін
 9. Қант түйіршіктеріне бастапқы сұйылтуларды ендіру ... жүргізіледі.
 A) 10 минут ішінде қолмен
 B) 3-4 минут ішінде механикалық араластырғыштарда
 C) этанолды-сулы сұйылтуларда
 D) алдын-ала қант шырынымен араластырып
 E) алдын-ала қантпен араластырып
 10. Гранулалардың (түйіршіктердің) сапалық көрсеткіштеріне ... кірмейді.
 A) өлшемі мен түсінің біртектілігі
 B) беріктігі
 C) жабысқан гранулалар (түйіршіктер) саны
 D) ыдырағыштығы
 E) тальк мөлшері
 11. Гранулалардың (түйіршіктердің) ыдырағыштығы
 A) тексерілмейді
 B) тексеріледі
 C) тексерілмейді, себебі бұл тест пиллюляларда қолданылады
 D) іріктеліп тексеріледі
 E) 10 данасынан жоғары емес тексеріледі

Ситуациялық есептер:

Есеп №1. Білім алушы механикалық араластырғыштың көмегімен дәріхана ішілік дайындама ретінде *Suprum metallicum D3* 200,0 г тритурациясын 0,2 г металлды мыс ұнтағынан және 199,8 г сүт қантынан дайындады. Дайындалған уақыты – 60 мин. Орындалған есептеулердің және дайындау технологиясының дұрыстығына сыни баға беріңіз. Дайындаудың негізделген дұрыс нұсқасын ұсыныңыз. Жазбаша бақылау паспортын жазыңыз.

Есеп №2. Білім алушы қолмен дәріханаішілік дайындама ретінде *Barbita carbonica C3* – 300,0 г тритурациясын алу үшін, 3,0 г барий карбонаты ысқылауының *C2* сұйылтуына 297,0 сүт қантын қосты. Дайындау уақыты - 30 мин.

Орындалған есептеулердің және дайындау технологиясының дұрыстығына сыни баға беріңіз. Дайындаудың дұрыс нұсқасын ұсыныңыз. Жауабыңызды негіздеңіз. Жазбаша бақылау паспортын жазыңыз.


Оқыту есептері:

Препараттарды дайындау үшін қажетті есептеу жүргізіп, технологиясын дәйектеніз.

Препарат құрамы	Ескертулер
1. Chamomilla D 3 Gran. 100,0 (BA3)	Жаңадан жиналған дәріханалық түймедақтың (<i>Matricari arcutila</i>) §3 бойынша эссенциясы немесе §4 бойынша түймедақ тұндырмасы
2. Cina D 3 Gran. 10,0 Da. Signa. 8 грануладан күніне 3 рет	Ащы жусанның (<i>Artemisi acina</i>) ашылмаған гүлшоғырынан §4 бойынша матрицалық тұндырмасы
3. China C 3 Gran. 10,0 Da. Signa. 8 грануладан күніне 4 рет	Хинна ағашының (<i>Cinchona</i>) кептірілген қабықтарынан §4 бойынша матрицалық тұндырмасы

4-САБАҚ

1. Тақырыбы: Жұмсақ гомеопатиялық дәрілік түрлер технологиясы.

ОҢТҮСТІК-ОАЗАҚСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зерханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 40 беттің 12 беті

2. Мақсаты: Берілген тақырып бойынша теориялық негіздерін және тәжірибелік дағдыларын бекіту.

3. Оқыту мақсаты:

білім алушы білуге тиіс:

- жұмсақ дәрілік түрлер сипаттамасын және жіктелуін
- жағар майларды, оподельдоктарды, сыртқа қолданылатын спирттерді, жағар майларды және суппозиторийлерді дайындауға қолданылатын негіздерді
- гомеопатиялық жұмсақ дәрілік түрлер дайындау технологиясының ерекшеліктері
- дәрілік түрлерді орамдау және безендіру

білім алушы істей алуға тиіс:

- жұмсақ дәрілік түрлердің ерекшеліктерін ескеріп дайындауы
- дайын дәрілік түрдің сапасын бағалауы

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Оподельдок, майлар (өсімдік майлары), майлар және май тәрізді заттар негіздерінің табиғи көздері.
2. Жұмсақ дәрілік түрлерге рецепт жазу ережелері.
3. Жұмсақ дәрілік түрлердің сипаттамасы. Олардың жіктелуі.
4. Жағар майлар дайындау үшін қолданылатын негіздердің сипаттамасы және жіктелуі.
5. Гомеопатиялық суппозиторийлерді дайындау үшін қолданылатын негіздер. Жіктелуі және олардың сипаттамасы.
6. Дәрілік заттарды негізге енгізу принципі.
7. Гомеопатиялық майларды, оподельдоктарды, майларды және суппозиторийлерді дайындаудың негізгі ережелері.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма №1. Жағар майларды, майларды, оподельдоктарды және суппозиторийлерді дайындау технологиясын оқу және конспектілеу (В.И. Рыбак, стр. 28-31).


Тапсырма №2. В.Швабе нұсқаулығына сәйкес төменде көрсетілген оподельдоктардың дайындау технологиясын жазу.

- 3% бадяга оподельдогі
- 5% сенеги оподельдогі
- 5% календула оподельдогі
- 3% эвкалипт оподельдогі

Тапсырма №3. В.Швабе нұсқаулығына сәйкес төменде көрсетілген жағар майлар мен суппозиторийлердің дайындау технологиясын жазу.

- 2% бензой қышқылы жағар майы
- 10% стрептоцид жағар майы
- итжидектің матрицалық тұндырмасынан суппозитории
- меруертгүлдің матрицалық тұндырмасынан суппозитории
- жалынгүлдің матрицалық тұндырмасынан суппозитории

5. Пәннің соңғы ОН қол жекізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

ОҢТІСТІК-ОАЗАҚСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологиии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 40 беттің 13 беті

6. Пәннің ОН қол жекізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.


7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. Гомеопатиялық тәжірибеде қолданылатын майлардың түрлері.
2. Гомеопатиялық майлар дайындау ережелері.
3. Гомеопатиялық майларды дайындаудың аллопатиялықтан айырмашылығы.
4. Майлардың сапасын бағалау.
5. Оподельдоктарды дайындау тәсілдері.
6. Гомеопатиялық оподельдоктар мен сыртқа қолдануға арналған аллопатиялық дәрілік түрлерді дайындаудың айырмашылықтары.
7. Оподельдоктар технологиясында қолданылатын қосымша заттар
8. Гомеопатиялық жағар майлар қандай концентрацияда және қандай негізде дайындалады?
9. Жағар майға дәрілік заттар қандай принцип бойынша енгізіледі?
10. Гомеопатиялық суппозиторийлер дайындау үшін қандай негіздер қолданылады?
11. Гомеопатиялық суппозиторийлер қандай әдіспен дайындалады?

Тестік тапсырмалар:

1. Сыртқа қолдануға арналған спиртерді ... араластырып дайындайды.
 - A) матрицалық тұндырманы 70 % спиртпен
 - B) дәрілік затты берілген концентрациядағы спиртте
 - C) матрицалық тұндырманы 40 % спиртпен
 - D) матрицалық тұндырманы 60 % спиртпен
 - E) матрицалық тұндырманы 50 % спиртпен
2. Оподельдоктарға арналған негіздердің құрамына ... кіреді.
 - A) сабынды күрделі спирт, тазартылған су және 96% этил спирті (2:1:1)
 - B) сабынды күрделі спирт, 96% этил спирті (2:1)
 - C) камфора спирті, тазартылған су және 96% этил спирті (2:2:1)
 - D) бор қышқылы спирті, тазартылған су және 96% этил спирті (2:1:2)
 - E) сабынды күрделі спирт, тазартылған су және 96% этил спирті (2:2:2)
3. Гомеопатиялық дәрілерді ... сақтайды.
 - A) құрғақ, қараңғы және өткір иісті заттардан алыс жерлерде
 - B) қараңғы және өткір иісті заттардан алыс жерлерде
 - C) салқын жерде
 - D) жарық және өткір иісті заттардан алыс жерлерде
 - E) күнді жерде
4. Гомеопатияда қолданылатын жағар майлар ... дайындалады.
 - A) МФ мақаласының жалпы ережелері бойынша
 - B) ерекше ережелер бойынша
 - C) рецепте берілген нұсқаулар бойынша
 - D) медициналық карандаштар түрінде
 - E) бастапқы сұйылтуларды потенциялау принципі қолданылады
5. Егер негіз көрсетілмесе гомеопатиялық жағар майлар ... дайыналады.
 - A) вазелинде
 - B) ланолинде

ОҢТІСТІК-ОАЗАСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 40 беттің 14 беті


- C) какао майында
- D) көз жағар майы негізінде
- E) эмульсиялық негізде

Оқыту есептері:

1. 100,0 линимент (оподельдоктар) алу үшін қанша көлемде сабынды-спиртті компонент қажет? Технологиясын жазыңыз.
2. 50,0 оподельдок дайындауға қажетті матрицалы тұнбалар мен қосымша заттар көлемін есептеңіз:
 - бозарша (туя) оподельдогы;
 - арника оподельдогы;
 - бриони оподельдогы.

5-САБАҚ

1. **Тақырыбы:** Емдік-профилактикалық құралдар технологиясы. Гигиеналық құралдар.

ОҢТІСТІК-ОАЗАОСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологиии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 40 беттің 15 беті

2. Мақсаты: Емдік-профилактикалық және гигиеналық құралдарды дайындау және қолдану ерекшеліктерін үйрету.

3. Оқыту мақсаты:

білім алушы білуі тиіс:

- космецевтика және дермотологиялық косметикалар туралы анықтамасы және түсініктемесі
- тері, шаш және ауыз қуысын күтуге арналған емдік-профилактикалық және гигиеналық құралдардың косметикалық әсері
- емдік-профилактикалық және гигиеналық құралдарды дайындаудың негізгі ережелері

білім алушы істей білуі тиіс:

- тері мен шаш күтіміне арналған емдік-профилактикалық және гигиеналық құралдарды дайындау
- ауыз қуысына күтім жасауға арналған құралдарын дайындау


4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Емдік-косметикалық құралдар. Емдік-косметикалық құралдар туралы түсінік. Жіктелуі, сипаттамасы және қолдану саласы.
2. Емдік-косметикалық құралдардың құрамдас бөліктері. Оларға қойылатын талаптар.
3. Емдік-косметикалық құралдар дайындау технологиясында қолданылатын қосымша заттар.
4. Қазіргі заманғы фармациядағы емдік-косметикалық құралдар.
5. Тері және шаш күтіміне арналған емдік-профилактикалық және гигиеналық құралдар. Анықтамасы. Жіктелуі және номенклатурасы.
6. Тері және шаш күтіміне арналған емдік-профилактикалық құралдардың негізгі ингредиенттері.
7. Сусабындар, бальзамдар, маскалар, шайғыштар, кондиционерлер және шаш лосьондары. Сипаттамасы.
8. Косметикалық кремдер мен маскалар. Сипаттамасы және жіктелуі.
9. Ауыз қуысын күтуге арналған құралдарының жіктелуі және номенклатурасы. Тіс пасталары, тіс ұнтақтары және эликсирлер.
10. Тіс пасталарының, тіс ұнтақтарының және эликсирлердің құрамына кіретін әсер етуші және қосымша заттардың номенклатурасы мен функционалдық мақсаты.
11. Тері мен шаш күтіміне арналған емдік косметиканы дайындау.
12. Ауыз қуысы мен тістерді күтуге арналған медициналық косметиканы дайындау.
13. Тері аурулары үшін қолданылатын дәстүрлі медицина.
14. Шаш аурулары үшін қолданылатын дәстүрлі медицина.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма №1. Тіс пастасы және тіс ұнтағы құрамына кіретін ингредиенттердің физика-химиялық қасиеттерін зерттеу, дайындау технологиясын және теориялық дәйектемесін сипаттап жазу:

Тіс ұнтағының құрамы Кальций глицерофосфаты 10,0 Кальций карбонаты 87,5 Натрий гидрокарбонаты 1,0 Түймедақ шөбінің ұнтағы 1,0 Парфюмериялық отдушка 0,5	Тіс пастасының құрамы (классикалық): Глицерин 12,5 Натрий КМЦ 0,5 Кальций глицерофосфаты 10,0 Кальций карбонаты 20,0 Эфир майы 0,25
---	---

ОҢТҮСТІК-ОАЗАСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологии лекарств	044-43/ - (2023-2024)
«Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	40 беттің 16 беті

	Парфюмериялық май 0,25 Натрий лаурилсульфаты 0,5 Тазартылған су 50 мл
--	---

Тапсырма №2. Косметикалық маска құрамына кіретін ингредиенттердің физика-химиялық қасиеттерін зерттеу, дайындау технологиясын және теориялық дәйектемесін сипаттап жазу:

Косметикалық майсыздандырғыш масканың құрамы: А) Глицерин 9,0 96 % спирт 18 мл Алюмокалийлі квасцы 1,0 Тазартылған су 72 мл	Косметикалық ағартқыш масканың құрамы: А) Перигидроль 10,0 Жасыл сабын 50,0 Б) Ақ глина 42,0 Мырыш оксиді 8,0 Қажетті мөлшерде перегидроль (10,0 дейін)
--	---

Тапсырма №3. Шаш пен тері күтіміне арналған емдік – косметикалық құралдардың құрамына кіретін ингредиенттердің физика-химиялық қасиеттерін зерттеу, дайындау технологиясын және теориялық дәйектемесін сипаттап жазу:

Майлы шаш күтіміне арналған дегтярлы спирт құрамы: Қайың беріші 5,0 – 10,0 Этил спирті 25 мл Медициналық эфир 25,0 Мақта тампонымен шашқа жағу	Балды сілбінің құрамы (колодерма) Желатин 6,0 Бал 50,0 Глицерин 80,0 Тазартылған су 100мл дейін.	Күнделікті қолдануға арналған шампунның құрамы: Шаш түріне сәйкес шампунь 100,0 Лимонның эфир майы 5 тамшы
---	---	---


5. Пәннің соңғы ОН қол жекізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жекізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. Емдік-косметикалық құралдарға анықтама беріңіз. Олар қалай жіктеледі.
2. Емдік-косметикалық құралдардың негізгі және қосымша компоненттерін атаңыз. Оларға қойылатын талаптар.
3. Қазіргі заманғы фармацияда қолданылатын емдік-косметикалық құралдар.
4. Тері және шаш күтімінде емдік-профилактикалық құралдар қандай рөл атқарады?
5. Тері мен шаш күтіміне арналған ингредиенттердің негізгі түрлерін атаңыз және әр түрге бірнеше мысал келтіріңіз.
6. Сусабындар, бальзамдар, маскалар, шайғыштар, кондиционерлер және шаш лосьондары арасындағы айырмашылықты түсіндіріңіз.

ОҢТІСТІК-ОАЗАҚСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологиии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 40 беттің 17 беті


7. Косметикалық кремдер мен маскaлар. Сипаттамасы және жіктелуі.
8. Ауыз қуысын күтуге арналған құралдарының жіктелуі және номенклатурасы. Тіс пасталары, тіс ұнтақтары және эликсирлер.
9. Тіс пасталарының, тіс ұнтақтарының және эликсирлердің құрамына кіретін әсер етуші және қосымша заттардың номенклатурасы мен функционалдық мақсаты.
10. Тері мен шаш күтіміне арналған емдік косметиканы дайындау.
11. Ауыз қуысы мен тістерді күтуге арналған медициналық косметиканы дайындау.
12. Тері аурулары үшін қолданылатын дәстүрлі медицина.
13. Шаш аурулары үшін қолданылатын дәстүрлі медицина.

Тестік тапсырмалар:

1. Гигиеналық косметикалық құралдарды қолдану мақсаты
 - A) сыртқы орта факторынан қорғану, жеке гигиенаны сақтау
 - B) тері ақауын маскалау және емдеу
 - C) жараны емдеу, тері ақауын емдеу
 - D) косметикалық тартымдылық беру
 - E) пигментті іздерді жою, тері ақауын маскалау
2. Тіс ұнтақтарына натрий гидрокарбонатын қандай мақсатпен қосады?
 - A) абразивті қасиетін көтеру
 - B) терапевтік қасиетін күшейту
 - C) ұнтақ массасын үлкейту
 - D) жанама эффектін азайту
 - E) рН қалыптастыру
3. Гигиеналық (профилактикалық) косметика терінің өміршеңдігіне, шашқа және тіске ... әсер етіп, оларды сау күйінде сақтайды.
 - A) жағымды
 - B) ылғалды
 - C) ағартқыш
 - D) қабынуға қарсы
 - E) нәрлендіргіш
4. Косметикалық кремдердің түсі ... байланысты.
 - A) бояғыштарға
 - B) әсер етуші заттарға
 - C) крем құрамына
 - D) кремнің тағайындалуына
 - E) көмекші заттарға
5. Гидрофильді жағар майлы негізге ... жатады.
 - A) метилцеллюлоза гелі
 - B) вазелин
 - C) ланолин
 - D) сұйық парафин
 - E) спермацет

6-САБАҚ

1. **Тақырыбы:** Парфюмерлік композициялардың технологиясы және олардың сапасын бақылау.

ОҢТІСТІК-ОАЗАҚСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 40 беттің 18 беті

2. Мақсаты: парфюмерлік композициялардың құру, иісті және қосымша заттардың таңдауы, парфюмерлі құралдардың бақылауы және рационалды технологиясы бойынша тәжірибелік дағдыларды және теориялық білімін қалыптастыру.

3. Оқыту мақсаттары:

білім алушы білуі тиіс:

- парфюмерлік композицияларды құрастырудың негізгі принциптері
- табиғи иісті заттардың сипаттамасы және жіктелуі
- синтетикалық және жартылай синтетикалық иісті заттардың сипаттамасы
- парфюмерлік заттардың құрамында қолданылатын қосымша заттардың функционалды белгіленуі және номенклатурасы, сипаттамасы

білім алушы істей білуі тиіс:

- парфюмерлік заттарды дайындау
- парфюмерлік сұйықтықтарды дайындау (иіссулар, одеколондар, иісті сулар)
- иісті заттардың тұнбасын дайындау
- парфюмерлік композицияларды дайындау

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Иіс сезу анализаторларының анатомиялық және физиологиялық құрылымдары.
2. Иістің әсер ету механизмінің сипаттамасы.
3. Иістің әсер ету теориясының ерекшелігі.
4. Сезу теориясының негізі.
5. Иістердің жіктелуі.
6. Иісті заттар. Жіктелуі, номенклатурасы және сипаттамасы (алу әдістері және көзі, қолдану аймағы, қасиеті).
7. Парфюмерияда қолданылатын қосымша заттардың жіктелуі, номенклатурасы және сипаттамасы.
8. Парфюмерлік композицияларды құрудың негізгі принциптері.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма №1. Парфюмерлік заттардың дайындау.

Парфюмерлік заттар өндірісінің технологиялық процесі келесі сатылардан тұрады:

- тұнбаларды дайындау;
- парфюмерлік композицияларды дайындау;
- парфюмерлік сұйықтықтарды дайындау.

Тұнбаларды 1:5 и 1:10 қатынасында дайындайды.


Парфюмерлік композицияларды дайындау келесі сатылардан тұрады:

- рецептке сәйкес композиция компоненттерін өлшеу;
- қатты және тұтқыр заттарды еріту және балқыту;
- композиция компоненттерін араластыру.

Парфюмерлік сұйықтықтарды дайындау бірнеше әдістері бар, негізгі ерекшелік компоненттерді араластыру мен сұйықтықтарды тұндырудан тұрады.

Барлық компоненттерді реакторға келесі кезек бойынша салады: спирт, парфюмерлік композиция, тұнба, су және бояғыштар; 5-10 минут бойы араластырады және сонан соң тұну үшін реакторда әр өнімге берілген уақыт бойынша қалдырады.

Реакторға тұнбалар мен композициялардың жарты мөлшерін салады; алынған ерітіндіні бекітілген уақытта тұндырады, аяқталуына екі күн қалғанда спирттің және иісті заттардың

ОҢТІСТІК-ОАЗАСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологиии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 40 беттің 19 беті

концентрациясы нығаюына қажетті мөлшерге дейін спирт және су қосады, бояғыш және 2 күні бойы тұндыруға қалдырады, содан соң фильтрлейді.

Рецептке кіретін композициялардың барлығын 2-9 есе сол композицияның еруіне жіберілетін спирттің ең төменгі концентрациясымен ерітеді, араластырады және тұндырады. Тұндырудың бекітілген уақытынан 12 сағ алдын алынған концентратты тұнбадан құйып алады және қалған спирт және сумен араластырады, тұнба және бояғыштар қосады, араластырады, 12 сағ бойы тұндырады және фильтрлейді.

Тапсырма №2. Парфюмерлі композицияларды келесі көрсеткіштер бойынша сапасын бағалау:

- сыртқы түрі, иісі;
- сыну көрсеткіші;
- қышқылдық саны.

5. Пәннің соңғы ОН қол жекізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жекізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.


7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. Парфюмерлі құралдардың жіктелуі.
2. «Живаудану» және Француз парфюмерлі қоғамы бойынша парфюмерлі құралдардың иіс бағыттарының жіктелуі.
3. Парфюмерлі композициялардың құрылысының негізгі принциптері.
4. Табиғи иісті заттардың сипаттамасы және жіктелуі;
5. Синтетикалық және жартылай синтетикалық иісті заттардың сипаттамасы;
6. Парфюмерлі заттардың құрамында қолданылатын қосымша заттардың функционалды белгіленуі және номенклатурасы, сипаттамасы.
7. Иісті заттардың-фиксаторлардың сипаттамасы.
8. Парфюмерлі композициялардың технологиясы.
9. Парфюмерлі сұйықтықтардың дайындау технологиясы.
10. Парфюмерлі композициялардың баз-кмпозициялардың, отдушкалардың сапасын бағалау.
11. Парфюмерлі сұйықтықтардың сапасын бағалау.

7-САБАҚ

1. Тақырыбы: Жасына байланысты дәрілік түрлер технологиясы. Жасына байланысты дәрілік түрлер технологиясының ерекшеліктері.

ОҢТҮСТІК-ОАЗАҚСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 40 беттің 20 беті

2. Мақсаты: жасына қарай қолданылатын дәрілік түрлер технологиясын және қолдану ерекшеліктерін үйрету.

3. Оқыту мақсаты:

білім алушы білуі тиіс:

- жас балалар организмнің анатомофизиологиялық ерекшеліктерін
- балаларға қолдануға рұқсат етілген медикаменттер топтарын
- егде жас және қария жастағы кісінің организмнің анатомофизиологиялық ерекшеліктерін
- науқастардың жасына байланысты қолдануға рұқсат етілген медикаменттер топтарын

білім алушы істей білуі тиіс:

- балаларға арналған дәрілік түрді дайындай білу
- корригенттерді қолдана отырып балаларға арналған дәрілік түрді дайындау
- гериатриялық дәрілік түрлерді дайындай білу

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары


1. Науқастардың жасына байланысты дәрілік түрлерді қолдану ерекшеліктері.
2. Балаларға арналған дәрілік түрлер. Дайындау технологиясының ерекшеліктері. Безендірілуі.
3. Балалар практикасында сұйық дәрілік түрлерді дайындауда қолданылатын корригенттер.
4. Балаларға арналған дәрілік түрлер.
5. Балалар практикасында жағымсыз жағдайлардың алдын-ала және дәрілерді дозалауда қате жібермеу жолдары.
6. Гериатриялық практикада қолданылатын дәрілік түрлердің топтары.
7. Гериатриялық дәрілік түрлердің жаңа биофармацевтік аспектілері.
8. Науқастардың жасына байланысты дәрілік түрлердің терапевтикалық эффективтілігіне әсер ететін физиологиялық факторлар.
9. Гериатриялық практикада қолданылатын дәрілердің түрлері.
10. Гериатриялық практикада жағымсыз жағдайлардың алдын-ала және дәрілерді дозалауда қате жібермеу жолдары.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Берілген рецептер бойынша есептеулер жүргізу, бакылау паспортын құрастыру, ингредиенттердің физика-химиялық қасиеттерін зерттеу, дәрілік түрдің технологиясын және теориялық дәйектемесін сипаттап жазу:

Жазылым құрамдары:

1. Rp.: Benzylpenicillini-natrii 100 000ЕД
 Lanolini anhydrici 2,0
 Vaselini pro oculis 8,0
 M.f. unguentum
 D.S. Көз қабағына күніне 3-4 рет қоюға
2. Rp.: Synthomycini
 Norsulfazoli ana 1,0
 Camphorae 0,3
 Olei Eucalypti gtt V
 Vaselini 15,0
 Misce fiat unguentum
 D.S. Мұрынға арналған жағармай
3. Rp.: Streptomycini sulfatis 75 000 ЕД

ОҢТІСТІК-ОАЗАСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологиии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 40 беттің 21 беті

Olei Jecoris Aselli 15,0

Misce fiat linimentum

D.S. Жараға жағуға

4. Rp.: Natrii hydrocarbonatis

Natrii benzoatis ana 2,0

Liquoris Ammonii anisati 4,0 ml

Sirupi simplicis 10 ml

Aquae Menthae ad 100 ml

M.D.S. 1 ас қасықтан күніне 3 рет

5. Rp.: Extracti Belladonnae 0,015

Ichthyoli 0,1

Butyrolі quantum satis

Misce fiat suppositorium

Da tales doses № 4

S. 1 суппозиторийден күніне 1 рет

6. Rp.: Camphorae 2,0

Oleii Hyoscyami 20,0

Chloroformii 10,0

M.D.S. Тізе буындарын сүртуге

5. Пәннің соңғы ОН қол жекізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жекізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.


8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. Науқастың жасына байланысты дәрілік түрлерді қолдану ерекшеліктері қандай?
2. Балалар дәрілік түрлері технологиясының ерекшеліктері қандай? Балалар дәрілік түрлерінің безендірілу ерекшеліктері қандай?
3. Балалар практикасында сұйық дәрілік түрлерді дайындауда қолданылатын қандай корригенттерді білесіз?
4. Балалар таблеткасы. Таблеткаларды қабықшамен қаптау. Шоколадты қабықша.
5. Балалар және гериатрия тәжірибесінде қандай дәрілік түрлер қолданылады?
